

26.05.2016 № 1636

**Қазақстан Республикасының Президенті
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа**

**Көшірмесі: Қазақстан Республикасының Премьер-министрі
Кәрім Қажымқанұлы Мәсімовке**

**Қазақстан Республикасының Жоғарғы сот Төрағасы
Қайрат Абдразақұлы Мәмиге**

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан жалпы саясатыңыз, және инвесторлармен қарым-қатынастар орнату бағытындағы атқарылып жатырған істер үшін Сізге шын ниетімізбен алғыс білдіруге рұқсат етіңіз.

«Жайықмұнай» ЖШС құрылған уақыттан бері тәуелсіз Қазақстанның алғашқы сәтті кадамдарына куә. Сіздің басшылығыңызбен Қазақстан Республикасы саяси тұрақты, экономикасы қалыптасқан, серпінді дамып келе жатқан елге айналды. Елімізде ұлтаралық татулық пен дінаралық келісім орнады. Қазақстанның саяси аренадағы халықаралық беделі жылдан жылға өсуде. Бүкіл мемлекет аясында шешуді қажет еткен мәселелердің басын ашуда Сіз алдыңғы қатарлы әлем тәжірибесін және ұлттық менталитетті аса шеберлікпен ұштастыра отырып инновациялық идеялар мен нақты ойластырылған механизмдерді еңгізіп отырсыз.

Әлемдегі экономикалық дағдарысқа қарамастан Қазақстанда «Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары», «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, «Бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамы» атты мемлекеттік бағдарламалар жасақталып, іске асырылып жатқанын ерекше мақтанышпен айтамыз.

Қазақстан Республикасы экономикасының мұнай газ саласының өкілі ретінде «Жайықмұнай» ЖШС-н 1997 жылдан бері құрылу және даму жолы еліміздің дамуымен қатар жүрді. Кәсіпорынның дамуына Мемлекет пен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қосқан үлесі біздер үшін орны ерекше болды. Осы жылдар аралығында біздер, инвесторлар ретінде, кәсіпорын инфрақұрылымының құрылысы бойынша ірі жобаларды мемлекеттің қолдауымен іске асырдық, және бүгінгі таңда ҚР ірі бизнес өкілдерінің қатарына тұрдық. Қазіргі уақытта «Жайықмұнай» ЖШС өндірістік нысандарында 1500-ден астам қазақстандық, соның ішінде біздің компанияның мамандары мен бірқатар қызметтік кәсіпорындардың

қызметкерлері, жұмыспен қамтылған. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы мемлекеттің саясаты инвестициялық жобаларды қолдауға ерекше мән беруге және мемлекеттік қызметтер алу процедурасын барынша оңайландыруға бағытталғаны біздер үшін маңызды. Сіз қабылдаған шешімдер нәтижесінде Қазақстан Республикасында жағымды инвестициялық ахуал қалыптасты, және біздер, яғни инвесторлар үшін, өзара түсіністік пен инвестициялық жобаларды іске асыру үшін мемлекеттік басқару органдарымен диалогтың болуы өте маңызды.

Инвестор мен мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынастар тақырыбына байланысты Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты «Жайықмұнай» ЖШС-н Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне салықтық тексерудің нәтижелері жөніндегі хабарламаны заңсыз деп тану және күшін жою жөніндегі талап арызын қанағаттандыруын айтпай кетуге мүмкін емес. Біздің ойымызша бұл шешім «Ұлт жоспары - Елбасының бес институционалдық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамының», соның ішіндегі меншік құқына кепіл болатын, кәсіпкерлік іске жағдай қалыптастыратын, келісімшарттық міндеттемелерді қорғайтын, және нәтижесінде экономикалық дамудың негізі болатын «заңның үстемдігін қамтамасыз ету» қадамының іске асырылуының нақты үлгісі болып табылады. Ұлт жоспарының 11 нақты қадамы Қазақстан Республикасының сот жүйесін жетілдіруге бағытталған және, бүгінгі таңда оң нәтижелер көрсетуде.

Жоғарғы сот жанынан ірі инвесторлардың қатысуымен дауларды шешу мақсатында құрылған мамандандырылған алқа түрлі даулы мәселелерді шешудің нақты құралына айналатынына нық сенімдіміз. Істердің қаралу сапасының өсуі мен шешім шығарудағы орын алған жеделдікті айта кету жөн.

Өз тарапымыздан «Жайықмұнай» ЖШС өзіне инвестор ретінде жүктелген бар жауапкершілікті толық мойындап, алдағы уақытта да ҚР Үкіметінің сенімді серіктесі және одақтасы болып қалатынына Сізді сендіреміз. Біздің компания бар күш-жігерін бүгінгі Қазақстанның гүлденуіне бағыттай отырып, аянбай еңбектенеді!

Құрметпен,

**«Жайықмұнай» ЖШС
Бас директоры**



Хайнц Вендель